

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Рузаев ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихатының 2023 жылғы 31 қазандағы № 10-3 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Рузаев ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Рузаев ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының төрағасы*

С.Баумағанбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
аудан мәслихатының
2023 жылғы 31 қазандағы
№ 10-3 шешімімен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Рузаев ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Рузаев ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару

және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және Рузаев ауылдық округі тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны – ауылдық округ тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Ауылдық округ әкімі ауылдық округ шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын ауылдық округтің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың, көшенің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар мен көшелер тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2023 жылғы 31 қазандағы
№ 10-3 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Рузаев ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Ауылдар мен көшелер атауы	Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Рузаев ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін көшелер және ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Рузаевка ауылы, Шарық көшесінің тұрғындарына	3
2	Рузаевка ауылы, Кәрімов көшесінің тұрғындарына	3
3	Рузаевка ауылы, Абай көшесінің тұрғындарына	3
4	Рузаевка ауылы, Петр Толочко көшесінің тұрғындарына	2
5	Рузаевка ауылы, Рузаев көшесінің тұрғындарына	3
6	Рузаевка ауылы, Көкен Шәкеев көшесінің тұрғындарына	2
7	Рузаевка ауылының Говоров көшесінің тұрғындарына	3
8	Рузаевка ауылы, Степная көшесінің тұрғындарына	3
9	Рузаевка ауылы, Элеватор көшесінің тұрғындарына	1
10	Рузаевка ауылы, Чеботарев көшесінің тұрғындарына	1
11	Рузаевка ауылы, ПТШ-12 көшесінің тұрғындарына	1
12	Рузаевка ауылы, 2-ші шағын ауданы көшесінің тұрғындарына	2
13	Рузаевка ауылы, Амангелді көшесінің тұрғындарына	1
14	Рузаевка ауылы, Пушкин көшесінің тұрғындарына	1
15	Рузаевка ауылы, Трудовая көшесінің тұрғындарына	1
16	Рузаевка ауылы, Целинная көшесінің тұрғындарына	2
17	Рузаевка ауылы, Кузнечная көшесінің тұрғындарына	2
18	Рузаевка ауылы, Ақан сері көшесінің тұрғындарына	1
19	Рузаевка ауылы, Панфилов көшесінің тұрғындарына	1
20	Рузаевка ауылы, Больничная көшесінің тұрғындарына	1

21	Рузаевка ауылы, Калинина көшесінің тұрғындарына	1
22	Рузаевка ауылы, Еркін Әуелбеков көшесінің тұрғындарына	2
23	Рузаевка ауылы, Игорь Тарасов көшесінің тұрғындарына	2
24	Рузаевка ауылы, Болашақ көшесінің тұрғындарына	1
25	Рузаевка ауылы, Строительная көшесінің тұрғындарына	1
26	Рузаевка ауылы, Гагарин көшесінің тұрғындарына	1
27	Рузаевка ауылы, Чехов көшесінің тұрғындарына	1
28	Рузаевка ауылы, Речной көшесінің тұрғындарына	1
29	Рузаевка ауылы, Горький көшесінің тұрғындарына	2
30	Рузаевка ауылы, Куйбышев көшесінің тұрғындарына	2
31	Рузаевка ауылы, Киров көшесінің тұрғындарына	1
32	Рузаевка ауылы, Жамбыл көшесінің тұрғындарына	1
33	Рузаевка ауылы, 8 март көшесінің тұрғындарына	1
34	Рузаевка ауылы, Садовая көшесінің тұрғындарына	1
35	Рузаевка ауылы, Восточная көшесінің тұрғындарына	2
36	Рузаевка ауылы, Набережная көшесінің тұрғындарына	1
37	Рузаевка ауылы, Интернациональная көшесінің тұрғындарына	1
38	Рузаевка ауылы, Центральная көшесінің тұрғындарына	1
39	Рузаевка ауылы, Дедков көшесінің тұрғындарына	1
40	Рузаевка ауылы, Юбилейная көшесінің тұрғындарына	2
41	Рузаевка ауылы, Парк көшесінің тұрғындарына	1
42	Березовка ауылының тұрғындарына	3
43	Золотоноша ауылының тұрғындарына	1

44	Сарыадыр ауылының тұрғындарына	2
45	Сивковка ауылының тұрғындарына	3
46	Чернобаевка ауылының тұрғындарына	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК